

К.С.Бабаева

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан
(E-mail: altinay.babayeva@iktu.kz)

Дәрігер-ұстаз қызметінде құзыреттілік бағытының мәні мен маңызы

Мақалада «құзыреттілік» және «құзыретті мүмкіндіктер» (компетенции) ұғымдары қарастырылды. Болашақ дәрігер оқу-үйретіміне құзыреттілік, құзыретті мүмкіндіктер бағытын енгізу қажеттілігі айқындалып, кезігетін қиыншылықты проблемалар талқы-сарапқа салынды. Дәрігер-педагогтарды оқыту үдерісінде құзыреттілік бағытын қолдануды үйретудегі біздің әдістемеміз мысалға алынды. Тәжірибелік жұмыстар нәтижелерінде дәрігердің, оқытушының және оқытушы-дәрігердің пәндік, пәнаралық, тұлғалық және әлеуметтік құзыреттіліктері белгіленді. Мамандыққа сәйкес тәжірибелік сабақтарды құзыреттілік бағытында ұйымдастыру талқыланды.

Кілт сөздер: құзыреттілік, құзыретті мүмкіндіктер, ұстаз құзыреттілігі, дәрігер құзыреттілігі, педагог-дәрігер құзыреттілігі, құзыреттіліктерді дамыту, портфолио.

Қазақстан Республикасының Болон декларациясына қол қоюы өз ізімен білім беру сапасын жақсартуды негізгі мақсат ретінде қабылдап, еліміздің жоғары оқу орындары жоғары мектепті реформалау үдерісіне белсенділікпен кірісті. Соңғы уақытқа дейін барша отандық жоо-ы мамандар дайындығында БЕД (оқу орнының өз түлегіне күні ілгері берген Білімдері, Ептіліктері, Дағдылары) арқылы өрнектелетін модельді арқау ететін. Алайда мұндай бағыт-бағдар бүгінгі таңда заман талаптарына сай келмейді. Жаңа шешімдердің қажеттігі әлемде инновациялық индустрияландыру «Нұрлы жол» бағдарламасына түскен елімізде қарқынды жүріп жатқан ұнамды өзгерістерге байланысты туындауда. Ең алдымен, экономиканың жаһандық сипат алуы мен бұрын-соңды болмаған технологиялардың екпінді дамуы. Білімнің даму шапшаңдығы соншалықты — түлек дайындығының айналымы аяқталмай тұрып-ақ, ол ескіреді, осыдан «білімдік» парадигманы ұстану түлектердің өздерін де, жұмысқа тартушыларды да қанағаттандырмайды. Тіпті, мықты іргелі пәндік білімдердің өздері табысты кәсіби қызметтің кепілі бола алмайды. Жоғары деңгейлі маман болу үшін пәндік білімдерден өзге пәнаралық білімдер, ептіліктер және дағдылар қажет. Мұндай пәндер тоғысында пайда болған білімдерді қалыптастыру әрі дамыту әбден қажет, ал жоғары мектеп осы мәселенің шешімін беретін бірегей ғылыми-зерттеу мекемесі.

Маман дайындау мен тәлім сапасын жақсартудың негізгі талаптары ретінде еуропалық ғылыми-педагогикалық қауымдастық тарапынан оқытудың құзыреттілік бағыты алға тартылған, «құзыреттілік» ұғымы да 2010 жылға дейінгі кезеңде қазақстандық оқыту үдерісін модернизациялау тұжырымына енгізілген болатын. Осыған орай жоғары мектеп бұл бағытты іске асыру мен түлектердің оқу-үйренімі аяқталғаннан соңғы жалпы да арнайы құзыреттілігін өрнектеуге байланысты маңызды міндеттердің шешімін табуы қажет.

Жоғары медициналық мектепте құзыреттілік бағытты қолдануға қатысты мәселелер ақпарат көздерінде кең талқыға алынуына қарамастан, осы күнге дейін шешімін тапқан емес. Бұл салаға орай зерттеулер де жоқтың қасы, ғылыми әдебиеттер де жоқ. Ең алдымен, баршаны қанағаттандырғандай болашақ дәрігерлерге байланысты құзыреттілік ұғымы да анықталмай отыр. Жалпы құзыреттілік мәселесімен айналысқан академик И.А.Зимняя құзыреттілікке келесідей анықтама ұсынады: «Құзыреттілік — бұл кейбір әлеуетті, жасырын психологиялық жаңа құрылымдар (білімдер, түсініктер, іс-әрекеттер бағдарламасы, құндылықтар мен қатынастар жүйесі), кейін бұлар адам құзыреттілігінде көкейкесті, ішкендік сапа түрінде көрінеді» [1]. «Құзырет мүмкіндігі» ұғымын құзыреттілікті арқау етіп анықтаудың өзі бұл екі ұғымның мазмұнын ашу мүмкіндігін бермейді.

Мәндік тұрғыдан жақын келетін жалпы анықтаманы академик А.В.Хуторской берген: «Құзырет мүмкіндігі — бұл сапалы да тиімді іс-әрекет үшін қажет заттар мен үдерістердің белгілі тобына орайлас берілетін тұлғаның өзара байланысқан сапаларының бірігімі» [2]. Бұл анықтамада психологиялық көзқарас тұрғысынан білімдер мен ептіліктерді, іс-әрекет дағдылары мен амалдарды тұлға сапалары ретінде қарастыру, сондай-ақ адам сапаларын заттар мен үдерістер шеңберіне қатысты «беруге» болатындығы күдік тудырады. Тұлғалық сапалар адам бойында әрқашан жасырын

калыпта болады, ал білімдер, ептіліктер мен дағдылардың өздері, Платонов түсінімінде, «жеке-дара мәдениет», «дайындық» не «тәжірибе» [3].

Бұл екі анықтаманы біріктіруші маңызды да ортақ түсінім кәсіби іс-әрекеттің табысты іске асырылуына қатысты түлектің құзырет мүмкіндігінің мәнділігін мойындаудан туындап отыр. Мұның және бір қыры — жаңа құрылымдардың — құзырет мүмкіндігі мен құзыреттіліктің — екі деңгейін айыра қарастыру.

Әңгіме арқауы болған «құзыреттілік» мәселесінің бізді аса қызықтыратын тараптары — бұл аталған категорияның екі тарапы, яғни 1) оның мазмұндық функциясы мен 2) құрастырушылық-техникалық қызметі.

Құзыреттіліктің мазмұндық функциясы — бұл сапаның болашақ дайындығының алғашқы қадамынан бастап, соңғы нәтижеге дейін көрініс беретіні. Қандай да құбылыс, заттың барша қажетті байланысын ашумен бірге, сол құбылыстың өзін, яғни клиникалық ауытқуды үздіксіз қозғалыста, басқа да тұлғаның қоршаған ортадағы жағдайларымен, пайда болуы және «жойылу» үдерістерімен өзара бірлікте қарастыруға ойыстырушы диалектикалық логикаға арқа сүйеу. Қай теорияда да, практикада да «диалектика» бөлек қарастырылатын анықтамалар өздігіне бірі біріне өтеді, кірігеді, өз болмыстарының табиғи күштерімен бірлікке келеді [4].

Сонымен, болашақ дәрігердің құзыреттілік сапасын қалаудағы мазмұндық функцияда ең алдымен назар аударатын өзекті мәселе ол дәрігердің кәсіби қызметі нысанының шексіз дамып баруы, соның нәтижесінде үздіксіз жетілуі. Болашақ дәрігер үшін кәсіби қызмет нысанын игеру – бұл медициналық оқу-үйретім/үйренім үдерісінде атқарылатын арнайы байсалды дайындықты білдіреді. Осы үдерісте дәрігерлік, емдеу технологиялары іске асып барады. Болашақ дәрігер бойында құзыреттілік, құзыреттілік мүмкіндіктерді қалыптастыруға арналған біртұтас педагогикалық үдеріс мәні дәрігер-педагог пен дәрігер-студенттің арасындағы қызметтер алмасуы ғана емес, сол қызметтердің (педагогтың ұстаздық қызметі мен студенттің шәкірттік қызметінің) әрқандай құбылыс ретінде дамуында өріс жайып өркендеуіне [5]. Құзыреттілік категориясының мазмұндық функциясы медициналық тәлім үдерісінің дамуын алға тартушы қозғаушы күштерді, білуде, туындап жататын қайшылықтарды айқындап, талдай алу ептілігінде, шынайы медициналық мәселеге сәйкес оларды әрекетке келтіруде айқын көрініске келеді.

Болашақ дәрігер субъектінің нысан (наука) мазмұнын бейнелей алу құзыреттілігі тереңдей теориялық білімдерді, практикалық ептіліктер мен дағдыларды талап етеді. Болашақ дәрігерлердің кәсіби құзыреттілік дайындығында медициналық ғылымдардың теориялық «іргетасын», іс-қызмет құзыреттілігін сүйеніш ету білімдер мазмұнын түбегейлі пайдалана білуге әбден қажет.

Дәрігер-педагогтарымыздың көтерілген мәселеге байланысты және бір назар аударған проблемасы — бұл «құзыреттілік» категориясының құрастырушылық-техникалық функциясы. Бұл қызмет және бірде «қолданбалық немесе нормативтік» деп те аталады [5]. Дәрігерлік кәсіби қызметте құзыреттілік, құзыреттілік мүмкіндіктер функциясы екі қырымен қажеттілік танытады:

- 1) теориялық білімдер жүйесі ретінде;
- 2) ғылыми-зерттеушілік, яғни практикалық, іс-қызмет жүйесі ретінде.

Ғылыми-практикалық іс-әрекет жүйесінде субъект құзыреттілігі тікелей әдіснамалық зерттеулер жүргізуге, сондай-ақ дәрігерлік зерттеу ісін әдіснамалық қамсыздандыруға әбден қажет. Алғашқысында біртұтас медициналық тәлімнің практикамен байланысындағы даму заңдылықтары мен бағдар-бағытын, дәрігерлік тұжырымның тиімділігін және сапасын көтерудің принциптерін ашып, солардың түсініктеме аппараттарын талдап, құрамдас бөліктерін тануға мүмкіндік ашылады. Осыдан клиникалық жұмыстың мазмұндық сапасы негізделеді және бағаланады.

Құзыреттіліктің құрастырушылық-техникалық функциясы төмендегі аталған қызметтер бабымен айқындалады:

- таңдалған медициналық (дәрігерлік) ғылым саласын меңгеру;
- дәрігерлік іс-қызмет сипатын, оның медициналық ғылым аймағындағы ерешеліктерін анықтау;
- зерттеу нысанын айырып алу;
- әрқилы зерттеу шаралары мен әдістерін пайдалану;
- мазмұн іріктеуде шығармашылық сапаларды іс жүзінде көрсете білу;
- дәрігерлік зерттеу жұмыстарының даму критерийлерін, көрсеткіштері, өрістеу динамикасын құрастыру;
- қолданған (қолданылатын) дәрігерлік танымның көкейкестілігін, өткізу логикасын негіздеу.

Әрине, бұл құзыреттілік қызметтердің бәрінің де орындалуы дәрігер-педагог үшін де, оның шәкірті үшін оңай болмастығы айдан анық, солай бола тұрса да осыларға үйрету-үйрену медициналық факультет қабырғасындағы аса қажетті міндет.

Біздің пайымдауымызда, құзыреттілік психологиялық жаңа құрылым ретінде құзыретті тұлғаның бірігімді, тұрақты сипаттамасы. Біз ойлағандай, құзыретті адам өзіне пікір айтуға, жауапкершілікпен шешім қабылдауға, яғни нақты салада тиімді болуға, мүмкіндік беретін қажетті шамадағы білімдер мен ептіліктерге ие. Бұл орайда, біздің пікірімізше, *құзыреттілік* мазмұнына білімдер, ептіліктер мен дағдылар ғана емес, сонымен бірге тұлғалық қатынастарды, қалыптасқан құндылықтар жүйесін де қамтиды. Ал *құзырет мүмкіндіктері* — бұл өз ішіне әлеуметтік мәнді сапаларды қамтыған, әрбір нақты пәнге үйретуде күтілетін нәтиже есебіндегі алдын ала белгіленген нормалар.

Мұндай пайымда, «құзырет мүмкіндігі» ұғымы соңғы уақыттарға дейін танымды болып келген білім, ептілік және дағдылардың бірігімді ұғымынан мән-мағына тұрғысында анағұрлым кең, әрі ол өз ішіне жауапкершілік пен өзіндік дербес тәжірибені қамтиды. Осылайша, жоғары мектеп нақты саладағы кәсіпкерді ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік кемелді тұлғаны дайындауға тапсырыс алады. Кейінгі кезге дейін оқу-үйренімнің соңғы нәтижесі ретінде қабылданған білім, ептілік және дағдылар маманға қажет қасиеттерді әркілы деңгейлерге «тарата тартып» келген болса, енді әр құзырет мүмкіндігінің белгілі, нақты мазмұнына (жалпы пәндік не кәсіптік) білімдерге, ептіліктерге, дағдыларға енгізіледі. Осыдан әрбір құзырет мүмкіндігі тәжірибенің барша деңгейлік қасиеттерін біріктіруші жүйелі ұғым мәнін алады. Бұл маман дайындауда жүйелі бағыт-бағдар қолдануға мүмкіндік береді. Құзыреттілік бағытты ұстану маманның жеке пәндік те, пәнаралық білімдері, ептіліктері мен дағдыларына қойылатын талаптарды бірыңғай құзырет мүмкіндігі мен олардың ансамблінде біріктіруге болады.

Жоғары медициналық тәлімде құзыреттілік бағыт мәнін түсіну проблемасы ойлағаннан гөрі біршама шапшаң шешімін тауып, іске асты, себебі барша медициналық тәлім студенттің оқу-үйретім/үйренімінің тиімділігін бағалауда әрқашан да болашақ дәрігердің әркілы мамандануына белгіленетін білімдер, ептіліктер мен дағдыларды сүйеніш еткен [6].

Жоғары білімді реформалау қажеттігін түсіну мен құзыреттілік бағыт көкейкестілігі, оны іске қосу шешімін күткен проблема болып қалуда. Бұл проблеманың мәні — құзыреттілік бағыттың әдіснамалық сипатын түсіну және оның практикаға енуін іске асыру. Ең алдымен аталатын жайт — студенттің кәсіби-біліктілік моделін сипаттау үшін қолданылатын өзекті құзырет мүмкіндіктерінің бірыңғай келісілген тізімі бүгінгі таңда жасалмаған. Тәлімдік үдерісті құру, оқу-үйренімді бағалау мен сапаларды қамсыздандыру әдістеріне қатысты жұмыс тәсілдерін өзгерту қажеттілігіне байланысты біршама күрделіліктер әлі сақталуда.

Мұндай және ұқсас қиыншылықтарға Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің медицина факультеті педагог-ұстаздарының да кезігіп жатқанын түсіне отырып, факультет құрамында ұйымдастырылған үздіксіз кәсіби даму секторында медицина ғылымдарының докторы Ж.С.Шалхарованың басшылығымен өз жұмысын бастаған курста «Құзыреттілік бағытында оқу-үйретім/үйренім және бағалау әдістерін әзірлеу» модулі бойынша семинарлар өткізілуде. Бұл семинарларда педагог-мамандар құзыреттілік және құзырет мүмкіндігі ұғымдарының анықтамасымен және оқу үдерісін құзыреттілік бағыты арнасында ұйымдастырудың негізгі жолдарымен танысты.

Оқу-үйретім/үйренім сабақтары уақытының көп бөлігі тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарына бөлініп, олардың белсенділігі негізінде жүргізілді. Алғашқы семинарда барша топты белсенді жұмысқа қосуға, тыңдаушылардың көпшілігінде құлшыныс оятатын мегажоспарлы әдістер қолданылды. Бұл семинардың негізгі мақсаты — болашақ дәрігер-түлектерге қажетті кәсіби құзыреттіліктерді бөле ажыратуда ұстаздарға жәрдемдесу, сонымен бірге өз қызметін құзыреттілік бағытында табысты іске асыруда педагогтардың өздеріне керекті құзырет мүмкіндіктерін саналы сезінуге көмектесу.

Тыңдаушылар үш топқа бөлініп дәрігердің, педагогтың, дәрігер-педагогтың өзекті құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша өзіндік жұмысқа тартылды. Дәрігердің өзекті құзыреттіліктеріне медициналық білімдер, ептіліктер мен дағдылары болған медициналық амалдарды біліктілікпен орындау, диагноз дәлдігін сақтау, қызметтік техниканы меңгеру, медициналық құжаттарды сауатты толтыру және т.б. тұлғалық және әлеуметтік құзыреттіліктер жатады. Дәрігердің тұлғалық құзыреттіліктері арасында тыңдаушылар келесілерін атады: өз жауапкершілігіне алу

ептілігі, рефлексия (өз әрекеттері мен эмоционалды қалпын талдау), өзіндік реттеу-түзету, сындарлы (ақпарат ағымына, жарнамаға қатысты), өзіндік даму қажеттілігі мен оған ұмтылыс. Әлеуметтік құзыреттіліктері арасында көбіне пациентпен және олардың туысқандарымен сұхбаттасу ептілігі, әріптестерге деген сыйластық және олармен таласты жағдайларды ашық талқылау қабілеті, пациентті емделуге ынталандыру, пациенттер құқығын сақтау мен олардың діни әрі ұлттық ерекшеліктерін құрметтеу.

Жоо ұстаздарының өзекті құзырет мүмкіндіктері арасында курс тыңдаушылары әдістемелік мәселелер ретінде қажет деп атағандары: өз пәні бойынша замандық ақпараттарды меңгеру, оқу-үйретім/үйренім үдерісінде ақпараттық технологияларды, студент жетістіктерін бағалаудың прогрессивті формаларын пайдалану және т.б. Сонымен бірге ерекше назар әлеуметтік және тұлғалық құзырет мүмкіндіктеріне аударылды. Әлеуметтік құзырет мүмкіндіктеріне байланысты ұстаздың қарым-қатынас түзу ептілігі, студенттерді сыйлау, ортақтасу адалдығы, оқу материалын түсінікті баяндау ептілігі, басқаларды ынталандыру шеберлігі және т.б. Тұлғалық құзырет мүмкіндіктеріне байланысты рефлексия, көңіл-күй тұрақтылығы, көрегенді шығармашылдық, орынды өзіндік баға, тағы басқалар аталды.

Педагог-дәрігердің басты құзырет мүмкіндігін жоғарыда өз алдына бөлек аталған дәрігер мен ұстаздың құзырет мүмкіндіктерін олардың қосындысына телуге әбден болмайды. Бұл тұста ерекше деңгейлік «дәрігер-науқас» және «ұстаз-студент» нақты ситуациялар шеңберіне сыймайтын, кең мәнді жағдай құзыретін ажырата білу қажет. Бұл деңгейге тыңдаушылар жаппай медициналық жүйеге деген жаһандық жауапкершілікті жатқызды, себебі дәрігер-педагогтар іскерлікпен қызметін атқарып жүрген клиницистер ғана емес, олар дәрігерлердің жаңа әулетін тәрбиелеуде, осы тұрғыдан олар бойында практикалық емдеу сапа-қасиеттерінің болуы, тыңдаушылар пікірінше, міндетті. Өздерінің кәсіби іс-әрекетін бұлайша түсінуінен педагог-дәрігер студенттермен қатынасын кіші әріптестерімен байланыс жасаудың бірегей мүмкіндігі деп біледі, яғни ол ендігі қызметін «ұстаз-студент» деңгейінде ғана түзіп шектелместен, «дәрігер-дәрігер» деңгейінде атқаратын болады. Осыдан студенттің ынта-ықыласы арта түседі, оқу-үйренім, ғылыми іс-әрекет белсенділігі көтеріледі, ұстаздың абырой-беделі шыңдала түседі.

Екінші кезең — бұл әрқилы деңгейлі құзырет мүмкіндіктерінің дамуын көрнекі пайымдауға арналған практикалық сабақтарды дайындауға бағытталды. Осы кезеңде педагогтар елеулі қиыншылықтарға кезігіп, келесідей сұрақтар қыспағына түсті: әлеуметтік және тұлғалық деңгейлі құзырет мүмкіндіктерінің дамуын дәріс құрылымына қалай енгізуге болады, бұрын өрнектелген құзырет мүмкіндіктерінің даму деңгейін қандай жолмен бағалау қажет, егер студент пәндік құзыреттерден жақсы білімдер мен ептіліктер байқата білсе, бірақ әлеуметтік және тұлғалық құзыреттен қателік жіберген болса, педагог оның бағасын төмендетуге құқы бар ма? Студенттердің жетістіктерін бағалауда субъективтіктен қалай құтылуға болады? Алайда дәрігер кәсіби ежелден «адам-адам» деңгейінде іске асырылатын кәсіпке жататынына қарамастан, жоғарыда аталған сұрақтар қайталанудан тиылар емес, демек, белгілі әлеуметтік және тұлғалық сапалар дамуына негізделген деонтологиялық көзқарас көпшілік пәндерді игеруде өз мән-маңызын сақтауда.

Шешім көзі — нақты пәнді өткеннен кейін студент меңгеруі тиіс қажетті құзыреттіліктердің ресмилендірілген тізімінің, сол құзыреттіліктерге қойылатын бағаның айқын болуы. Бұл студенттерге оқу-үйретім/үйренім бастауынан құзыреттілікке сай дағдылардың қалыптасуына саналылықпен атсалысуға, әрі олардың кәсіби маңызды болатыны, баға не балл қойылуда есепке алынатыны жөнінде түсінім дамытуға көмектеседі. Осыдан педагог-дәрігер студенттің нақты құзыреттілікті игеру дәрежесіне сай баға қоя алады.

Мұндай құзырет мүмкіндіктерін өрнектеу студенттердің оқу-үйретім/үйренім практикасына белсенді үйрену әдістерін, рольдік ойындарын, клиникалық жағдайлар талдауын енгізу арқылы ғана мүмкін. Себебі дәл осы үйретім/үйренім тәсілдерінде жеке пәндік кәсіби құзырет мүмкіндіктері ғана емес, солармен бірге дәрігердің әлеуметтік те, тұлғалық та құзырет мүмкіндіктері интегралдық байланысқа түскен.

Дәрігер-педагогтың өзіндік құзырет мүмкіндіктерін түсіне, пайымдауда «Портфолио» технологиясының жәрдемі орасан. Курс дәрістерінде тыңдаушылар осы технологияны үлкен қызығушылықпен игеру жұмыстарын орындады. Тыңдаушылар пікірінше, мұндай технология курс барысында меңгерген, өзіндік кәсіби тәжірибеден не әріптестер практикасынан алған ақпараттарды талдауға септігін тигізді. Бұдан өзге, «Портфолио» өзіндік құзыреттіліктерді іштей сезіммен түсіне тануға көмектесіп, оларды әрі қарай жетілдіріп отыруға ынталандырады. Бұл сынды мазмұны бай

жұмыс үйретуші педагогқа өзінің ұстаздық құзыреттіліктерінен дәрігер құзыреттіліктеріне, одан соң дәрігер-педагог құзыреттіліктеріне біртіндеп өтіп, студенттер бойында болашақ дәрігердің құзыреттіліктерін тіктеп, одан шынайы маман қалыптастыруға айдын жол ашып береді.

Әдебиттер тізімі

- 1 *Зимняя И.А.* Ключевые компетенции — новая парадигма результата современного образования. — [ЭР]. Режим доступа: www.eidos.ru
- 2 *Хуторской А.В.* Определение общепредметного содержания и ключевых компетенций как характеристика нового подхода к конструированию образовательных стандартов. — [ЭР]. Режим доступа: www.eidos.ru
- 3 *Безродная Г.В., Севостьянов Д.А., Шпикс Т.А.* Принципы компетентного подхода в медицинском вузе // Медицина и образование в Сибири. — 2008. — № 2. — С. 12, 13.
- 4 *Дайкер А.Ф., Нечитайлова Е.П., Успанов К.С., Сманова Г.Т.* Общее и особенное в формировании профессионально-значимых качеств учителя // Под науч. ред. Н.Д. Хмель. — Алматы, 1990.
- 5 *Рысбаева А.К.* Категории педагогики в системе научного знания: Учеб. пособие. — Астана: ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, 2005.
- 6 *Русина Н.А., Алексеева С.В.* Компетентный подход в деятельности врача-преподавателя // Медицина и образование в Сибири. — 2008. — № 2. — С. 14, 15.

К.С.Бабаева

Сущность и значение компетентного подхода в деятельности врача-педагога

В статье рассматриваются понятия «компетентность» и «компетенции». Раскрывается необходимость введения в систему образования будущих специалистов-врачей компетентного подхода к обучению. Обсуждаются проблемы, встречающиеся при введении этого направления в процесс обучения. Приводятся примеры из практики по обучению врачей-педагогов применению компетентного подхода в процессе обучения. В результате практических работ определяются дисциплинарные, междисциплинарные, а также личностные и социальные компетенции врачей, педагогов и врачей-педагогов. Обсуждаются вопросы по организации практических занятий на основе компетентного подхода.

K.S.Babayeva

The nature and significance of competent approach in activities of physicians and educators

The article discusses the concept of «competency» and «competence». The need to introduce competence-based approach in learning into the system of education of future specialists doctors reveals. The problems encountered in the introduction of this trend in the learning process. There are given examples from our practice of training doctors and educators in using the competence approach in training. As a result of practical work are determined by the disciplinary, interdisciplinary, as well as personal and social competence of doctors, lecturers and doctors-educators. The questions for the organization of practical lessons on the basis of competence approach.

References

- 1 *Zimnyaya I.A.* Key competences — a new paradigm of modern education results, [ER]. Access mode: www.eidos.ru
- 2 *Hutorskoi A.V.* Determination obschepredmetnogo content and key competences as a characteristic of the new approach to the design of educational standards, [ER]. Access mode: www.eidos.ru
- 3 *Bezrodnaya G.V., Sevostyanov D.A., Shpiks T.A.* Health and education in Siberia, 2008, 2, p. 12, 13.
- 4 *Daiker A.F., Nechitailova E.P., Uspanov K.S., Smanova G.T.* General and especial in the formation of professionally significant qualities of the teacher // Under scientific edition of Hmel N.D., 1990.
- 5 *Risbayeva A.K.* Categories pedagogy in the system of scientific knowledge, textbook, Astana: ENU imeni L.N.Gumilyova, 2005.
- 6 *Rusina N.A., Alekseeva S.V.* Health and education in Siberia, 2008, 2, p. 14, 15.